# Әлеуметтік желілер

- Әлем бойынша неше түрлі әлеуметтік желілер бар. Оның кейбірі жер шарын жаулап жатса, кейбірі енді ашылып халықтың назарын бұруда. Ал ең ауқымдылары, олар: FaceBook, ВКонтакте, WhatsApp, Twitter, Instagram және т.б. Бүгін осыларға жеке-жеке тоқталып өтейік.






# Facebook

- **Facebook** ([ˈfeɪsˌbʊk], қаз. Фейсбук) — әлемдегі ең ірі әрі ең танымал әлеуметтік желі.



- 2004 жылы Марк Цукерберг өзінің серіктестері Эдуардо Саверин, Дастин Московиц және Крис Хьюзбен біріге отырып Facebook-тың негізін қалаған. Марк Цукерберг 23 жасында өзінің сайтының арқасында әлемдегі ең жас миллиардер болды.











- Сайттың алғашқы аты TheFacebook деп аталды және ол тек Гарвард университетінің студенттеріне ғана қол жетімді болды, кейінірек Бостон университетінің студенттеріне де жол ашылды, ал содан соң.edu доменіндегі электрондық мекенжайы бар АҚШ-тың кез келген оқу орнындағы студенттер де тіркеле алатын болды. 2006 жылдың қыркүйек айынан бастап 13 жастан асқан электрондық поштасы бар ғаламтор пайдаланушыларына қол жетімді болды. 2013 жылдың наурыз айындағы мәлімет бойынша Facebook-ты пайдаланушылар саны 1,11 миллиардты құрайды, олардың көбісі мобильді құрылғыдардың көмегімен кіреді. Facebook-тың 2009 жылғы қаржы айналымы 700 млн АҚШ доллларын құрады.

# Жалпы бейнесі:



# ВКонтакте

- **ВКонтакте** немесе **VK** (орыс. ВКонтакте , "байланыста" деген мағына береді) — көбінесе орыстілді ғаламторда (рунет) танымал ресейлік көптілді халықаралық сайт, әлеуметтік желі.





2013 жылғы зерттеулер бойынша “ВКонтакте” сайтына күніне 43 миллион адам кірген. "Вконтакте" сайтының негізін салушы — Павел Дуров. Танымалдылығы жөнінен Белоруссия жән
е Украинада – бірінші орынды, Ресейде – екінші орынды
және Қазақстан бойынш
а төртінші орынды иеленеді.








- Әлеуметтік желінің атауын таңдауға екі фактор әсер етті:
- Оның негізін салушы Павел Дуров "Эхо Москвы" (Мәскеу жаңғырығы) атты әуе толқынының джинглі болған - "Толық ақпаратпен байланыста" деген сөйлемнің мағынасын ауыстырды;
- Нұсқалардың арасынан басқа сайттың белгілі бір санатымен немесе класымен ұқсамайтын атауды іздеді. Бұған "контакт" (байланыс) сөзі мінсіз келіп тұрды.
- 2012 жылы әлеуметтік желінің негізін салушаларының бірі - Лев Левиев "Известие" газетінде атаулар нұсқасының бірі Studlist.ru болу мүмкін екендігін айттты. Бірақ біраз уақыттан кейін бұл нұсқа жойылды, себебі бұл жобаның белгілі бір аудиториясын ғана көрсетті.

# Жалпы бейнесі:



# Twitter

- Twitter (ағылш. Twitter — «сайрау», ауыспалы мағынасы «көп сөйлеу») — қысқа мәтіндік жазбалар жазуға арналған веб-сайт немесе жүйе (веб-сайт арқылы ғана емес, сондай-ақ СМС жіберу арқылы немесе арнайы сыртқы клиент-бағдарламалар көмегімен жазба қалдыру мүмкіндігі бар).




- Twitterдің бас кеңсесі Сан-Франциско қаласында (Калифорния штаты) орналасқан. Сондай-ақ Сан-Антонио (Техас штаты) мен Бостон (Массачусетс штаты) қалаларында оның серверлері мен кеңселері бар.






- 2011 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша оның 200 млн-нан астам тұтынушылары бар. Олардың 50 млн-ы твиттерді күнделікті пайдаланатын болса, 100 млн тұтынушы оның көмегіне жоқ дегенде айына бір рет жүгінеді. Тұтынушылардың 55 пайызы твиттерді мобилді гаджеттер арқылы қолданады.

# Жалпы бейнесі:



# Instagram

- **Instagram** — фотосуреттер және видео бөлісуге арналған әлеуметтік желілік онлайн қызмет.




- Оның көмегімен қолданушылардың фотосуреттер жасауға, оларға фильтр қолдануға, сонымен қатар оларды өзінің сервисі немесе басқа да әлеуметтік желілер арқылы таратуға мүмкіндіктері бар. Instagram фотосуреттерді Kodak Instamatic және Polaroid камералары сияқты шаршы пішінінде жасайды. Мобильді фотоқолданғылардың көбісі қабырғаларының 3:2 қатынасын қолданады.

# Жалпы бейнесі:



# WhatsApp

- WhatsApp — смартфондарға арналған мессенджер.




- Мәтіндік хабарландыру, сурет, видео және аудио жөнелтуге болады. Android, BlackBerry OS, BlackBerry 10, iOS, Series 40, Symbian (S60) және Windows Phoneсияқты платформаларда жұмыс істейді. Мессенджерді жасаған компанияның негізін Ян Кум (Jan Koum) және Брайан Эктон (Brian Acton) 2009 жылы Калифорния штатында құрған. Компанияда 55 қызметкер жұмыс істейді.

- 2014 жылғы ақпанның 19-ында Facebook Inc. WhatsApp Inc. компаниясын 19 миллиард АҚШ долларына сатып алатынын жариялады.

# Жалпы бейнесі:



# Зейін салып тыңдағандарыңызға рахмет!